Ойындар дербес әрекет.	Вариативтік компонент Сиқырлы әріптер Тақырыбы: «Кім зейінді?» Мақсаты: Балалардың ойын арқылы ойлау қабілетін, қиялын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету.	Үстел үсті театры «Жабайы жануарлар» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру. Дидактикалық ойын: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыт	Вариативтік компонент Кел, билейік Хореография мұғалімінің жоспары бойынша	Сюжетті рөлдік ойын: «Зообақ» Мақсаты: Балалар ата-аналарымен зообаққа келеді, әртүрлі жануарларды көреді. Дидактикалық ойын: «Кім не жейді?» Мақсаты: Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту	Вариативтік компонент Ұлттық тәрбие «Асыл мұра» Тақырыбы: «Қазақ жауынгерлерінің киімдері мен қарулары» Мақсаты: Қазақ жауынгерлерінің киімдері мен қару жарақ түрлерімен таныстыру.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Нұрасылды ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композициялар құрастыруға үйрету.	Нуралиды ұжымдық жұмыстарды орындауға үйрету.	Мирасты ұжымдық жұмыстарды орындауға үйрету.	Нұрасылды ұжымдық жұмыстарды орындауға үйрету.	Нуралиға сәндік композицияларды өз ойынша орындауға үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау, үйрету.				
Серуендеу	Картотека №17	Картотека №18	Картотека №19	Картотека № 20	Картотека № 21

	<p>Қимылды ойын: «Батыл, еңбекқор құмырсқалар»</p> <p>Мақсаты: Өз қалаулары бойынша балаларды сары және кара түсті ұшатын немесе бауырымен жорғалаушы құмырсқалар деп ойнаушылар құрамына бөліп, тез тасымалдау, құру және т.б. ойын түрлерін өткізу.</p>	<p>Қимылды ойын: «Карусель»</p> <p>Мақсаты: Кіші және ересек жастағы балаларды бір-бірімен жақындасуға үйрету. Баяу және жылдам жүгіруге, сөзді қозғалыспен байланыстыруда білімдерін арттыру.</p>	<p>Қимылды ойын: «Бағбаншылар»</p> <p>Мақсаты: Жүгіріп жарыса отырып тапсырманы орындау (көкөніс дақылдарын жинау). Тапсырманы дұрыс және бірінші болып орындағандар жеңімпаз атанады, ойынның аяқталуы бойынша әр топтағы балалар құрамын санау.</p>	<p>Қимылды ойын: «Құстардың ұшып кетуі»</p> <p>Мақсаты: Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.</p>	<p>Қимылды ойын: «Аққулар мен қаздар»</p> <p>Мақсаты: Балалардың тірек-қимыл әрекеттері мен сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p>
Балалардың үйге оралуы	Саусақ жаттығулары- жылжымалы папка	Ата – аналарға үйде балаларымен көп әңгімелесуге кеңес беру.	Балаларға қандай ойыншықтар қажет? – стенд кеңесі	Ойын сауық өткізу «Жол ережесін білесің бе?»	Ата-аналарға балалармен 1ден 10 дейінгі сандарды санауды үйде үйрету - әңгімелесу

Қараша айының IV апта 22.11 - 26.11.21 аралығындағы Мектепалды «Ақжелкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Тақырыпша: «Су қойма мекендеушілері»

Мақсаты: Су асты тіршілігіне қызығушылығын тудыру. Оларға қамқорлықпен қарап, күте білуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.11	Сейсенбі 23.11	Сәрсенбі 24.11	Бейсенбі 25.11	Жұма 26.11
Балаларды қабылдау.	Балалармен әңгімелесу Бізді не қоршап тұр?	Балалармен әңгімелесу Табиғат мекендеушілерін білесің бе?	Балалармен әңгімелесу Аквариумда не тіршілік етеді?	Балалармен әңгімелесу Су қойма мекендеушілерін білесің бе?	Балалармен әңгімелесу Көшеде абай бол - жол белгісі ережелерін қатаң сақтау туралы
Ата-аналармен әңгімелесу.	Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыландырыңыз.	Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.	Балалардың жұмыстарымен таныстыру. Оқу қызметіндегі жетістіктерін мадақтау арқылы жеткізу.	Кеңес: «Табиғатты аяла». Мақсаты : Қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімдерін ояту.	Үйге берілген тапсырмаларды орындатуға уақыт бөлу.
Ойындар (үстел-үсті, дидактикалық, саусақ т.б).	Үстел-үсті ойыны: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту	Фотосуреттер қарастыру: «Балықтар»	Музыкалық ойын: «Тында да, айт» Мақсаты: айналадағы заттардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге үйрету, фонематикалық есту қабілетін дамыту.	Санамақтар Бір қолымда бес саусақ Бір қолымда бес саусақ Қосып едім екеуін Болып шықты он саусақ	Жаңғақтармен ойын. Мақсаты: саусақ қимылдарын және тілін дамыту.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу № 6				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану. Тамақтан соң алғыс айту. Дастарханның бүгінгі Бар мәзірі жұғымды Дәмін татып көріп ек Ал айтайық рахмет!				
Ойындар,	Дидактикалық ойын:	Дидактикалық ойын:	Дидактикалық ойын:	Дидактикалық ойын:	Дидактикалық ойын:

<p>ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық</p>	<p>«Қарама-қарсы сөзді тап» Мақсаты: Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап бере білуге үйрету.</p>	<p>«Сиқырлы қапшық» Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.</p>	<p>«Дыбыс арқылы санды тап» Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау.</p>	<p>«Өзара айырмашылығын тап» Мақсаты: Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.</p>	<p>«Ажырат» Ойынның мақсаты: киімдерді ажырата білуді үйренеді.</p>
<p>Ұйымдастырылған оқу-қызметтері</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: Қысқа дайындық Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. <u>Музыка</u> Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: Ертегідегі құс Мақсаты: Құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру. Ертегі желісі бойынша</p>	<p><u>Музыка</u> Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. <u>Орыс тілі</u> Орыс тілі пән мұғалімінің жоспары бойынша <u>Сауат ашу негіздері</u> Тақырыбы: «Қ» дыбысы мен әрпі Мақсаты: «Қ» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <u>Дене шынықтыру</u> Бір қатар сапқа тұру, бір-бірден бір қатар</p>	<p><u>Математика негіздері</u> Тақырыбы: Шар, текше, Цилиндр Мақсаты: Көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру және оларды тануды үйрету; кеңістіктік ұғымдарды, санау дағдыларын дамыту жұмысын жалғастыру; талдау, салыстыру білігін дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. <u>Сауат ашу негіздері</u> Тақырыбы: «М» дыбысы мен әрпі</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу</u> Тақырыбы: Жас экологтер Мақсаты: Жанды организмдер тіршілік ету үшін өзіне қажетті ауа, су, қоректік затты қоршаған ортадан алатынын түсін <u>Мүсіндеу</u> Тақырыбы: Жүйрік ат Мақсаты: Үй жануарларын ажырата отырып, мүсіндеу әдістерімен таныстыру, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту, бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. <u>Өзін-өзі тану</u> Тақырыбы: Достық неден басталады</p>	<p><u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: Өсімдіктерге не қажет? Мақсаты: Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. Топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды күзиреттіліктерін дамыту. Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сүйуге баулу. <u>Дене шынықтыру</u> Мақсаты: Бір қатар сапқа тұру,</p>

	<p>сурет салуға үйрету, балалардың құстар туралы білімдерін кеңейту, құстың пішіні және оны ретімен орналастыруда шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу</p>	<p>сапқа тұру. Бірінші, екіншіге есептеу. Сапта аяқтың ұшымен бум, кедір-бұдыр жерлермен жүру. 1 мин дейін шамалы қарқынмен жүру, жүгіру. Алға қарай жылжып, допты қос қолмен лақтырып, қайта қағып алу тәсілдерін бекіту. Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу, басқа аралыққа ауысып төмен түсуге үйрету. Қимыл үйлесімділігін, ептілік пен шапшаңдықты дамыту.</p>	<p>Мақсаты: М әрпі және дыбысымен таныстыру. М дыбысы дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру. М дыбысы бар сөздер ойлап табу және сол сөздермен сөйлем құрастыру. Танымдық қызығушылықтарын арттыру. <u>Көркем әдебиет</u> Тақырыбы: Ақымақ қасқыр Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Әдеби жанрдың бір түрі ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсаты: «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру, достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету, достаса білуге тәрбиелеу. <u>Дене шынықтыру</u> Мақсаты: Бір қатар сапқа тұру, бір-бірден бір қатар сапқа тұру. Бірінші, екіншіге есептеу. Сапта аяқтың ұшымен бум, кедір-бұдыр жерлермен жүру. 10-15 м жарыса жүгіру. Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу, басқа аралыққа ауысып төмен түсуге үйрету. Қимыл үйлесімділігін, ептілік пен шапшаңдықты дамыту.</p>	<p>бір-бірден бір қатар сапқа тұру. Бірінші, екіншіге есептеу. Сапта аяқтың ұшымен бум, кедір-бұдыр жерлермен жүру. 10-15 м жарыса жүгіру. Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу, басқа аралыққа ауысып төмен түсуге үйрету. Қимыл үйлесімділігін, ептілік пен шапшаңдықты дамыту. <u>Жапсыру</u> Тақырыбы: Тауыс. Мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұтас бейне құрастырып жапсыруға үйрету, қаттап қию арқылы бірден бірнеше бөліктерді қиюға үйретуді жалғастыру, түстерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру, қол, саусақ қимылдарын дамыту, өз жұмыстарын бағалай білуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу</p>
Серуен	Картотека №18 Бақылау Кіші топтағы балалардың	Картотека № 17 Бақылау Құмырысқаларды бақылау	Картотека № 20 Бақылау Құстарды бақылау Мақсаты:	Картотека № 19 Бақылау Бақшада өнім жинауды бақылау	Картотека № 21 Бақылау Торғай, қарға, үйлерге келіп қонуын бақылау

<p>ойындарын бақылау Мақсаты: Ересек топтың балаларын кіші жастағы балалармен араласа білуге үйрету, олардың ісіне, ойындарына қызығушылық таныту. Балаларға балабақшада жас ерекшеліктері бойынша олардан да кіші жастағы балалар бар екенін айту, ескерту. Кішкентай бүлдіршіндердің жоғары топтағы балаларға қарағанда аз білетінін, оларға көмектесу керек екенін түсіндіру. Қимылды ойын: «Карусель» Мақсаты: Кіші және ересек жастағы балаларды бір-бірімен жақындасуға үйрету. Баяу және жылдам жүгіруге, сөзді қозғалыспен байланыстыруда білімдерін арттыру. Еңбектену әрекеті Балаларға ауланы қураған</p>	<p>Мақсаты: Құмырсқалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлері, өзара қарым-қатынастары туралы оқушылардың білімдерін анықтау, құмырсқалардың бір уақыттары азайып қалатынына көңіл аудару, олар жылуды сақтау үшін илеулеріне терең бойлай тығылады да кірер бетін жауып алады. Сонымен қатар, күзде олар ұзақ мезгіл – қысқа дайындалатынын жете түсіндіру. Қимылды ойын: «Батыл, еңбекқор құмырсқалар» Өз қалаулары бойынша балаларды сары және кара түсті ұшатын немесе бауырымен жорғалаушы құмырсқалар деп ойнаушылар құрамына бөліп, тез тасымалдау, құру және т.б. ойын түрлерін өткізу. Еңбектену әрекеті Балалар еңбекқор</p>	<p>Балалар бойында құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру, балаларды өсімдіктер мен құстардың тіршілік ету әрекетіндегі өзгерістерді бақылауға үйрету, жәндіктердің болмауы, олар қоректенетін құстардың ұшып кетуі жайында әңгімелеу, балалар бойында құстарды өз қамқорлығына алу жайлы түсінік қалыптастыру. Қимылды ойын: «Құстардың ұшып кетуі» Мақсаты: Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер</p>	<p>Мақсаты: Қыркүйек айында бақшадағы көкөністерді жинау қажет, әйтпесе олар үсіп кетуі мүмкін. Кейбір көкөністердің (қияр, қызанақ, кәді) суық түскенше жиналатынын түсіндіру. Көкөніс атауларын, пішінін, дәмін, түсін, иісін ажырата білуге үйрету. Көкөністердің піскенін ажырата білуге көңіл аудару. Қимылды ойын: «Бағбаншылар» Мақсаты: Жүгіріп жарыса отырып (топтарға бөліну), тапсырманы орындау (көкөніс дақылдарын жинау). Тапсырманы дұрыс және бірінші болып орындағандар жеңімпаз атанады, ойынның аяқталуы бойынша әр топтағы балалар құрамын санау. Еңбектену әрекеті Ауланы қураған жапырақтардан тазарту. Балалар бір-біріне көмек көрсете білуге тәрбиелеу Жеке жұмыс: «Үсті-</p>	<p>Мақсаты. Салқын біліне бастағанда құстар үйлерді паналайды. Олар адамдарға қор іздеп келеді. Құстың сыртқы түрі мен оның қоректенуіне, қозғалыстары мен өмір сүру қарекетіне көңіл аудару. Балалар бойында құстарға деген қамқорлық қасиеттерін ояту. Қимылды ойын: «Аққулар мен қаздар» Мақсаты: Балалардың тірек-қимыл әрекеттері мен сөйлеу қабілеттерін дамыту. Еңбектену әрекеті: Құстарға арналған азық дайындау. Балалармен бірге құстарға азық жинау (шұңқыр түбі, орындар). Азықтарды нығыздап байлау, жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қарау Жеке жұмыс: «Сипаттауына қарап құсты анықта» Мақсаты: Балаларға түрлі</p>
--	---	---	---	--

жапырақтардан тазартуға көмектесу
Балаларға көмек көрсете білуге тәрбиелеу; балалармен бірге еңбектену, ересек балалар тырмалармен жапырақтарды үйеді. Бүлдіршіндер жапырақтарды шелекке жинайды.
Жеке жұмыс:
«Еркелетіп атау»
Мақсаты:
Балаларды бір-бірінің аттарын еркелетіп атауға үйрету, бір-біріне деген сүйіспеншілік қарым-қатынастарын қалыптастыру.
Өзіндік іс-әрекет:
Бүлдіршіндер мен балалардың бірігіп ойнауы
Балаларды бір-біріне қайырымдылық жасауға, ойындарға белсенді қатысуға, бір-біріне көмектесуге, мейірімді бола білуге, жанжалдаспауға тәрбиелеу. Балаларды ойын тақырыптарын өз бетінше таңдай білуге, тәжірибелер негізінде

құмырсқаларды бейнелейді:
Аула мен дәлізді тазалайды.
Сыпырғышты дұрыс қолдануға дағдыландыру, еңбектенуге тәрбиелеу.
Бұл еңбектің қажеттілігін түсіндіру.
Жеке жұмыс:
«Айырмашылығы мен ұқсастығын тап»
Мақсаты:
Жәндіктердің басты белгілерін анықтау, салыстыру қабілеттерін дамыту (құмырсқа, көбелек).
Өзіндік іс-әрекет:
Балалардың ойын барысында бір-бірімен араласу қабілеттерін іске асыру, өз әрекеттерін айтуға, ойларын білдіруге үйрету, құрбысының ұсынысына келіспеушілік танытуда әсіресе, рольдерді, ойыншықтарды, міндеттерді бөлген кезде өз ойларын дәлелмен жеткізуге дағдыландыру.

үйлестіру.
Еңбектену әрекеті
Бақшада түбірлерді қазу
Балаларды еңбектенуге тәрбиелеу, күректі қолдана отырып, сол аяқтың көмегімен жер түптерін қазу, жерді күрек сабының бойындай қазу.
Қазылған құмды бір жағына үю. Күрекпен және тырмамен жұмыс жасай білуге үйрету.
Жеке жұмыс:
Жыл құстарын атау (доппен ойын)
Допты лақтыру әдісі арқылы жыл құстарын тез атау.
Өзіндік әрекет:
Балаларды өз рольдері мен серіктестерінің рольдерін есте сақтауға оқыту, ойын барысын толық орындауға және 1 сюжетте 2-3 рөл сомдауға үйрету; қарым-қатынас ережесін білу – бағыну, теңдік,

асты»
Мақсаты:
Сабағына тамырын сәйкес теруге үйрету.
Өзіндік іс-әрекет:
Балаларды ойын таңдай білуге, рольді бөлісуге қозғау салу; бастапқы пәндік-кеңістік оқиғасын ойын тобында 3-4 адамнан ұйымдастыру.

құстарды салу арқылы жаттығу жасату, суреттеп бейнелеуден оларды бірден табу. Өзара сөйлесу дағдыларын дамыту.
Өзіндік әрекет:
Ойын барысында балаларды достық, ұжымдық қарым-қатынас мәдениеті мен ережелеріне үйрету.

	сюжеттерді дамытуға, қоршаған орталардың жағымды тұстарынан мысал келтіруге, сонымен қатар көркем шығармаларды оқытудағы алған білімдерін қорыту.		басқару.		
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешіну, рет-ретімен шкафқа жинауын қадағалау, үйрету. Беті – қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас мәзірімен таныстыру. Мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішер кез келді Сөйлемейміз күлмейміз Тамақтан басқа өзгені Көзімізге ілмейміз.				
Ұйқы	Ертегі оқып беру «Ұр тоқпақ!»	Баяу музыка тыңдату «Күз»	Аудио ертегі тыңдату «Ай неге жалаңаш қалды?»	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату «Балама тілек»	Балалар әндерін тыңдату «Көңілді күн»
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	Керуеттегі жаттығулар Ояну жаттығу. - «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. - «Оянамыз көздерім!»- бинокльге қараймыз. - «Қайырлы таң құлақ!» - құлақты сипаймыз, «Оянамыз, құлақтар!» - алақанды тосамыз. - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды	Тыныс алу жаттығу «Жапырақтар ұшады» Мақсаты: Сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету. Тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған жапырақтарды таратып береді. Балалар ауыздарын демге толтырып, дем шығарғанда жапырақтарды үрлеп ұшырады..	Керует жанындағы жаттығулар - Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. - Қол белде, оңға, солға иілу.«Отырайық жүрелеп, Гүлді үзіп алайық. Орнымыздан түрегеп, Басқа гүлге барайық». - Қолымыз иықта, алға, артқа есу. - Қол белде оң аяқпен 3рет, сол аяқпен 3 рет, қос аяқтап 3рет секіру. - Кілемге жатып, аяқты созып, бірге көтеру қалыпқа келу.	Артикуляциялық жаттығу «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» Дыбыстық жаттығу жасау арқылы дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Тілдің ұшымен қағу. (Құлыншақ)	Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.

	сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.		- Аяқты алға созып көтеру, қайшылау, түсіру. - Саппен жүріп өту.		
Бесін тамақ	Астарыңыз дәмді болсын! Тамақты ұқыпты ішу.				
Ойындар дербес әрекет.	Вариативтік компонент Сикырлы әріптер Тақырыбы: «Жұбын ата» Мақсаты: Әр айтылған сөздің бірінші дыбысының жұбын тауып, сөз өзгерту, балалардың ойлау қабілетін дамыту, ойынға қызығушылығын арттыру.	Үстел үсті театры «Табиғат бұрышында мекендеушілер» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру. Дидактикалық ойын: «Төртінші артық» Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту мен заттардың жалпылама түрін білуге үйрету.	Вариативтік компонент Кел, билейік Хореография мұғалімінің жоспары бойынша	Лото ойыны: «Балықтар» Мақсаты: балалардың логикалық ойлау	Вариативтік компонент Ұлттық тәрбие «Асыл мұра» Тақырыбы: «Қазақ халқының билері» Мақсаты: Үш би: Төле би Қазыбек би, Айтеке би кім екенін түсіндіру, олардың даналығы мен билік шеберлігі туралы мәлімет беру.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Мирасқа сәндік композицияларды өз ойынша орындауға үйрету.	Нұрасылға сәндік композицияларды өз ойынша орындауға үйрету.	Нуралиға әуені бойынша әндерді тануға, олардың мазмұны туралы баяндауға үйрету.	Мирасқа әуені бойынша әндерді тануға, олардың мазмұны туралы баяндауға үйрету.	Нұрасылға әуені бойынша әндерді тануға, олардың мазмұны туралы баяндауға үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау, үйрету.				
Серуендеу	Картотека №18 Қимылды ойын: «Карусель» Мақсаты: Кіші және ересек	Картотека № 17 Қимылды ойын: «Батыл, еңбекқор кұмырсқалар» Өз қалаулары бойынша	Картотека № 20 Қимылды ойын: «Кұстардың ұшып кетуі» Мақсаты: Балалардың тірек-	Картотека № 19 Қимылды ойын: «Бағбаншылар» Мақсаты: Жүгіріп жарыса отырып	Картотека № 21 Қимылды ойын: «Аққулар мен қаздар» Мақсаты: Балалардың тірек-

	жастағы балаларды бір-бірімен жақындасуға үйрету. Баяу және жылдам жүгіруге, сөзді қозғалыспен байланыстыруда білімдерін арттыру.	балаларды сары және қара түсті ұшатын немесе бауырымен жорғалаушы құмырсқалар деп ойнаушылар құрамына бөліп, тез тасымалдау, құру және т.б. ойын түрлерін өткізу.	қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.	(топтарға бөліну), тапсырманы орындау (көкөніс дақылдарын жинау). Тапсырманы дұрыс және бірінші болып орындағандар жеңімпаз атанады, ойынның аяқталуы бойынша әр топтағы балалар құрамын санау.	қимыл әрекеттері мен сөйлеу қабілеттерін дамыту.
Балалардың үйге оралуы	Кеңес: «Балаңызбен бірге ойнаңыз»- таныстыру жалғастыру	Баланың тілін дамытуға арналған ойындар-әңгімелесу	Үйде балаңызбен ойнайсыз ба? Сауалнама жалғастыру	Балалардың ҰОҚ алған жетістіктерін әңгімелеу.	Ата-аналарға балалармен санауды үйрету- кеңес беру.

Желтоқсан айының I апта 29.11. - 3.12.21 аралығындағы Мектепалды «Ақжелкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Тақырыпша: «Тарихқа саяхат»

Мақсаты: Тұратын қаламыздың атын, жергілікті көрікті жерлер мен қонақжай тұрғындар туралы білімдерін кеңейту.

Патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 29.11.	Сейсенбі 30.11	Сәрсенбі 1.12.	Бейсенбі 2.12.	Жұма 3.12.21
Балаларды қабылдау.	Балалармен әңгімелесу Демалыс күнін қалай өткізгені туралы әңгімелесу..	Еліміздің мерекелері туралы әңгімелеу.		Балалармен әңгімелесу Өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау керектігі жөнінде» әңгімелесу.	Балалармен әңгімелесу «Атырау - мұнайлы астана» тақырыбында фотосуреттер қарастыру, әңгімелесу.
Ата-аналармен әңгімелесу.	«Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз»	Ата анаға кеңес: «Балаңызға әдепті үлгілі бола біліңіз»		«Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?»	Ата-аналармен серуен кезіндегі балаларды іс әрекеттері туралы пікірлесу
Ойындар (үстел-үсті, дидактикалық, саусақ т.б).	Тіл ұстарту жаттығуы Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс.	Жай қимылды ойын:« Бізде кім жақсы» Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды		Саусақ ойындары «Қызықты саусақтар» Мақсаты:қол саусақтарың күрделі үйлесімді қимылдарың дамыту.	Тыныс алу жаттығуы «Қолымызды жылытайық» Мақсаты: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу № 7				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану. Тамақтан соң алғыс айту. Дастарханның бүгінгі Бар мәзірі жұғымды Дәмін татып көріп ек Ал айтайық рахмет!				

<p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық</p>	<p>Дидактикалық ойын: Ауызша сөзжұмбақ Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Мақсаты: Суретте берілген бейнені дұрыс таба білуге дағдыландыру.</p>		<p>Дидактикалық ойын : «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын толықтыру</p>	<p>Дидактикалық ойын: Сипатына қарай ерекшеліктерін тап Мақсаты: Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу</p>
<p>Ұйымдастырылған оқу-қызметтері</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Алғашқы қар Мақсаты: Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. Сурет салу Тақырыбы: Менің сүйікті ертегім Мақсаты: Балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу, балаларды елестете</p>	<p>Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. Орыс тілі Орыс тілі пән мұғалімінің жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «М» дыбысы мен әрпі Мақсаты: «М» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталау, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойы жүру, жүгіру, бір-бірден сапқа тұруға жаттықтыру.</p>		<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Көркем әдебиет Қыс (өлеңді жаттау) Мақсаты: «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу. Балаларға табиғат көріністерін сипаттауды, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Өлең шумақтарын жаттату, сөздік қорларын молайту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Табиғат әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: Бұғы Мақсаты: Дымков ойыншығын жасауды, сәндік мүсіндеу өнерін үйрету. Мүсін өнерінің түрлерімен таныстыру, мүсіндеу іскерліктерін, қолдың</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе? Мақсаты: Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білетін мәліметтерін толықтыру. Белгілі бір жануарды суреттеу қабілеттерін, зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: Тікұшақ Мақсаты: Түрлі формадағы бөлшектерді</p>

	<p>отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру, балаларды ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету, бауырмалдыққа, достыққа, бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып оңға, солға бұрылу. Қысқа және кең адыммен «ізді» баса жүру, шашырап, заттардың арасымен жүру, жұптасып, бағытты өзгерте жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жеңіл жүгіру, орындықтың аяғында қолды алға созып отыру, тұру, белгіленген орынға секіріп түсуді, гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, қолымен тартыла жылжуды үйрету.</p>		<p>ұсақ моторикасын дамыту, өнерді бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. <u>Өзін-өзі тану</u> Тақырыбы: Адал дос Мақсаты: «Адалдық», «Адал дос» туралы түсініктерін кеңейту, адал дос туралы түсінік беру, адалдық қасиеттерін дамыту, адал дос болуға тәрбиелеу. <u>Дене шынықтыру</u> Мақсаты: Қолды ұстасып бойы жүру, жүгіру, бір-бірден сапқа тұруға жаттықтыру. Тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып оңға, солға бұрылу. Қысқа және кең адыммен «ізді» баса жүру, шашырап, заттардың арасымен жүру, жұптасып, бағытты өзгерте жүгіру.</p>	<p>қиып, үлгі бойынша тұтас бейне құрауға үйрету, тікұшақ туралы білімдерін кеңейту, балалардың ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, шыдамдылыққа, таза жұмыс істей білуге тәрбиелеу. <u>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</u> Тақырыбы: «Әдет» Мақсаты: Пайдалы және зиянды әдеттер туралы білімдерін жетілдіру. Балаларды әдепті болуға, зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.</p>
Серуен	<p>Картотека № 1 Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Жансыз табиғатта балаларға қыс</p>	<p>Картотека № 13 Бақылау: Күннің ұзақтығын байқау. Мақсаты: Күннің ұзақтығын</p>		<p>Картотека № 19 Бақылау: Аула сыпырушының еңбегін бақылау Мақсаты: Балалардан аула сыпырушының</p>	<p>Картотека № 21 Бақылау: Адам таситын көліктерді бақылау. Мақсаты: Адам таситын көліктерді бақылауға</p>

жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру.

Қимылды ойын: «Кегліні құлат»

Мақсаты: Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.

Еңбек: Ойын орнын тазарту. Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Еңбек ету ынтасына тәрбиелеу.

Жеке жұмыс: «Қыс» өлеңін қайталату.

Өз бетінше іс-әрекеті: Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру.

белгілеу. Қыста күн әуелі қысқарды, одан соң ұзарады.

Балалардың сөздік құрамын өзінше дұрыс құру, кеңейту, табиғатқа қызығушылығын арттыру.

Қимылды ойын: «Тарту»

Мақсаты: Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдаммен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.

Еңбек: Ағаштан түскен тұқымды жинау. Еңбек түрін арттыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.

Жеке жұмыс: «Қыс» туралы мақал-мәтелдерді еске түсіру. Балалардың қыс айлары туралы және табиғат көріністері туралы білімдерін біртұтастандыру

Өз бетінше әс-әрекеті: Балалардың ойын уақытында бір-біріне

күздегі жұмысқа қарағанда қыстағы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Кім күшті» (қазақтың ұлттық ойыны)

Мақсаты: Жаттығу жасау барысында еңбектену-жолдасыңның өзіңе қарай тартылуы; дұрыс отыруын қадағалау. Жолдасыңның жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу.

Еңбек: Аула сыпырушыға көмек. Еңбек мәдениетін қалыптастыру (кұралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау).

Жеке жұмыс: «Ұқсас-ұқсас емес» Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету (кұралдары, түрі, белгісі).

Өз бетінше іс-әрекет: Біріккен ойындарда өз тәртібіне жауап беруге тәрбиелеу, ойын әрекетін

алу білімдерін кеңейту. Оларға автобустың арнайы тротуарға жақын аялдамаға тоқтайтынын түсіндіру. Көлікшілердің жүру ережесін бекіту.

Қимылды ойын: «Шұңқырға сыпыру» (өзбек халқының ұлттық ойыны)

Мақсаты: Көлденеңнен сыпырып, сыпырып жатқан жолақты баспауға үйрету, өздерінше командаға бөлу, ойын ережесін сақтау. Шағын топта үйрету.

Еңбек: Ойын орнын тазарту. Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.

Жеке жұмыс: «Жақсы-жаман» Балаларға өз қылықтарын бағалап, көлік ережесін сақтай білуге үйрету.

Өз бетінше іс-әрекет: Балаларды ойынға керекті құрылыс заттарын жасауға

		деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, құрдасының ойы мен өзінің ойының келіспеушілігін, оның ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.		ұйымдастыруға талпыну.	үйрету(үй, пароход және т.б.) Ойынның мазмұны мен тақырыптарын кеңейту және дамыту.
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешіну, рет-ретімен шкафқа жинауын қадағалау, үйрету. Беті – қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас мәзірімен таныстыру. Мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішер кез келді Сөйлемейміз күлмейміз Тамақтан басқа өзгені Көзімізге ілмейміз.				
Ұйқы	Ертегі оқып беру «Қысқы баспана»	Баяу музыка тыңдату «Қыс»		Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату «Бесік жыры!»	Балалар әндерін тыңдату«Бақшамызға барамыз»
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	Нүктелі массаж 1.Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз 2. Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 3. Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз.	Арқаға арналған «Ауа - райы» жаттығуы. Балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әт түрлі массаждар жасайды		Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан - тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз	Нүктелі массаж 1.Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз 2. Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 3. Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз.

	4. Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. Керемет балалар, бізге ешқандай суық тию кедергі болмайды (алақанын уқалау)				4. Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. Керемет балалар, бізге ешқандай суық тию кедергі болмайды (алақанын уқалау)
Бесін тамақ	Астарыңыз дәмді болсын! Тамақты ұқыпты ішу.				
Ойындар дербес әрекет.	Вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» Тақырыбы: «Кім тез шешеді?» Мақсаты: Балалардың жұмбақ шешуін табу, шешуінде Қ дыбысы сөздің қай жерде тұрғанын табу арқылы ой-өрістерін дамыту, сөздік қорын молайту.	Сюжетті рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Дәрігер мамандығының қызметін білуге, үлкенді сыйлауға кішіге қамқор болуға тәрбиелеу		Сюжетті рөлдік ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен ойната отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге баулу. Баулармен ойын. Мақсаты: саусақ қимылдарын және тілін дамыту.	Вариативтік компонент Ұлттық тәрбие «Асыл мұра» Тақырыбы: «Туған ел, еңбек, туралы мақал–мәтелдер» Мақсаты:Туған ел, еңбек туралы мақал мәтелдерді үйрету, жаттау, олардың мағынасын түсіндіру
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Нуралиды әнді созып, сөздерін анық айтуға, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға үйрету.	Мирасты әнді созып, сөздерін анық айтуға, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға үйрету.		Нұрасылды әнді созып, сөздерін анық айтуға, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға үйрету.	Нуралиды әнді бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау, үйрету.				
Серуендеу	Картотека №1 Қимылды ойын:	Картотека № 13 Қимылды ойын:		Картотека № 19 Қимылды ойын:	Картотека № 21 Қимылды ойын:

	«Кегліні құлат» Мақсаты: Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.	«Тарту»Мақсаты:Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдаммен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.		«Кім күшті» Мақсаты: Жаттығу жасау барысында еңбектену- жолдасыңның өзіңе қарай тартылуы; дұрыс отыруын қадағалау.	«Шұңқырға сыпыру» Мақсаты: Көлденеңнен сыпырып, сыпырып жатқан жолақты баспауға үйрету, өздерінше командаға бөлу, ойын ережесін сақтау.
Балалардың үйге оралуы	Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту-стенд кеңесі	«Сиқырлы шырша» – түрлі материалдардан шырша жасау.		Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу	Елін сүйген-Елбасы-жылжымалы папка

Желтоқсан айының II апта 6.12-10.12. аралығындағы Мектепалды «Ақжелкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Тақырыпша: «Ауыл мен қала»

Мақсаты: Қоршаған ортаға сүйсіне білу, өз қаласының (ауылының) атауын білуді қалыптастыру. Өз үйін тұрған жерін бағалай білуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 6.12.21	Сейсенбі 7.12.21	Сәрсенбі 8.12.	Бейсенбі 9.12.21	Жұма 10.12.
Балаларды қабылдау.	Балалармен әңгімелесу Мейірімділік туралы әңгімелесу.	Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын «Менің қалам - Атырау» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну.	Балалармен әңгімелесу Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек?	Балалармен әңгімелесу Ауыл мен қала туралы әңгімелесу	Балалармен әңгімелесу Осы аптада өткен қызықты күндері туралы әңгімелесу.
Ата-аналармен әңгімелесу.	«Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру.	«Баланың ойыменқалай бөлісуге болады.»	Кеңес: «Бала мен отбасы».	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Сыйластық туралы өз ойларын сұрау
Ойындар (үстел-үсті, дидактикалық, саусақ т.б).	Үстел-үсті ойыны: «Не қайда тұрады?» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту	Жай қимылды ойын. « Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды	Саусақ ойыны «Ұшақ» Ақ бұлттардан асатын Аппак ұшақ жасадым Алыс елге мен енді жылдам ұшып барамын.	Санамақ Бір дегенім-боз далам Екі деген-ер бабам Үш дегенім-үй-ордам Төрт дегенім-тау-орман Бес-баланың бесігі Алты-алаштың есімі Жеті-Жердің қабаты Сегіз-саудың санасы Тоғыз десем-той барам Он дегенде-ойланам	Жай қимылды ойын. "Жақсы - жаман" Ойын ережесі: "Жақсы-жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап "Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш отыру.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу № 7				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану. Тамақтан соң алғыс айту.				

Дастарханның бүгінгі
Бар мәзірі жұғымды
Дәмін татып көріп ек
Ал айтайық рахмет!

Дидактикалық ойын: «Сипатына қарай ерекшеліктерін тап»
Мақсаты: Заттарды қасиетіне қарай айыра білуге тәрбиелей отырып, байқампаздыққа баулу

Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап»
Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.

Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап»
Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге, өз ойын айта білуге үйрету досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.

Дидактикалық ойын: «Сандық»
Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды нақты айтуға дағдыландыру

Сөздік ойын «Сыңарын тап»
Мақсаты: Балаларға әр жануарлардың төлдерінің атауларын дұрыс айта білуге дағдыландыру.. Жылдамдылыққа дағдыландыру.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: Менің Отаным
Мақсаты: Зат есімдерге тәуелді жалғауын жалғап айтуға үйрету. Отанды, туды құрметтеуге тәрбиелеу. Тіл байлығын дамыту.
Музыка
Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.
Сурет салу
Тақырыбы: Қолғап
Мақсаты: Қазақ халқының

Музыка
Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.
Орыс тілі
Орыс тілі пән мұғалімінің жоспары бойынша
Сауат ашу негіздері
Тақырыбы: «З» дыбысы мен әрпі
Мақсаты: «З» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту,

Математика
негіздері
Тақырыбы: Қағаз бетінде Бағдарлау
Мақсаты: Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету, қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту. Есте сақтау, сөйлеу,

Қоршаған ортамен танысу
Тақырыбы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері
Мақсаты: Еліміздің рәміздері туралы түсініктерінің болуы және оны құрметтеу; елтаңбада бейнеленген суреттердің нені білдіретінін түсіндіре алу.
Мүсіндеу
Тақырыбы: Шана
Мақсаты: Қысқы табиғат ерекшелігін, әсемдігін

Жаратылыстану
Тақырыбы: Аквариумда не тіршілік етеді?
Мақсаты: Балаларды аквариумдағы балықтардың тіршілігімен таныстыру. Құрбы-құрдастары және ересектермен еркін қарымқатынас жасау арқылы олардың танымдық зерттеушілік іс-әрекеттерін дамыту. Балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға баулу.

Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық

Ұйымдастырылған оқу-қызметтері

ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және олардың қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету, сұлбаға сәйкес ою-өрнектерді дұрыс орналастыра алу, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, түрлі пішінде симметриялық ою-өрнектерді құрастыра білуге және жинақылық пен ептілікке тәрбиелеу.

ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Дене шынықтыру
Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойы жүру, жүгіру, бір-бірден сапқа тұруға жаттықтыру. Тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып оңға, солға бұрылу. Қысқа және кең адыммен «ізді» баса жүру, шашырап, заттардың арасымен жүру, жұптасып, бағытты өзгерте жүгіру. Биіктіктен белгіленген орынға секіріп түсу.

назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.
Сауат ашу негіздері
Тақырыбы: «Е» дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Е әрпі және дыбысымен таныстыру. Е дыбысын меңгерту. Құрамында Е дыбысы бар сөздер ойлап, сол сөздермен сөйлем құруды үйрету. Белсенділікке және дербестілікке тәрбиелеу.
Көркем әдебиет
Тақырыбы: Тәуелсіз Қазақстан
Мақсаты: Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге, татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.

сезінуарқылы ойнап жүрген балалардың шанасын мүсіндей білуге үйрету. әртүрлі көлемдегі пішіндер жасау арқылы ермексазбен шананы мүсіндеу жолдарын үйрету, ұсақ қол моторикасын дамыту, мүсіндеу, түстерді дұрыс таңдау, іскерлік дағдыларын жетілдіру; қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу
Өзін-өзі тану
Тақырыбы: Достық бірлікте
Мақсаты: «Достық», «бірлік» құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету, қамқорлық, бірлік туралы түсініктерін кеңейту, достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту, айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.
Дене шынықтыру
Мақсаты:

Дене шынықтыру
Мақсаты: Жүру, жүгіру, сапта бірінің артынан бірі аяқты жоғары көтере, алға соза жүру, шапшаң жылдамдықта шашырап, бірнеше қатарға тұру, бұрыштарды кеспей жүгіру, жаттықтыру жұмыстарын жалғастыру. Екі аяқпен алға секіріп жүруді бекіту. Алақан салынған қағазды басып жүруді үйрету.
Жапсыру
Тақырыбы: Қуыршаққа арналған көйлек
Мақсаты: Қағазды бүктеу әдісі арқылы көйлек пішінін киюге үйрету, кию әдістерін үйретуді жалғастыру, қолдың қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын дамыту, талғампаздыққа, өнерлі болуға ұмтылуға тәрбиелеу.

				Екі қатар сапқа тұру, бірінің артынан бірі аяқты жоғары көтере, алға соза жүру, шапшаң жылдамдықта шашырап, белгі бойынша тоқтай жүгіру, ұлттық би элементтерін орындау. Екі аяқпен жылжи секіруді, тізбектеліп және тізерлеп тұрып допты бібіріне қос қолымен басынан асыра лақтыруды үйрету	
Серуен	<p>Картотека № 3</p> <p><u>Бақылау:</u> Желді бақылау. Мақсаты: Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> «Екі аяз» Мақсаты: Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны</p>	<p>Картотека № 23</p> <p><u>Бақылау:</u> Мұзды бақылау. Мақсаты: Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады.</p> <p><u>Қимылы ойын:</u> «Мұзды аулаға кіргіз»</p>	<p>Картотека № 24</p> <p><u>Бақылау:</u> Ағаштарды бақылау. Мақсаты: Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу. Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойға жоғарыдан төменге салпылдап өседі, түбірі-қара, қылқан-бір-бірден өседі, жаңғақ-көп өмірсүргіш, дөңгелек ше тәрізді Қылқанжапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын</p>	<p>Картотека № 20</p> <p><u>Бақылау.</u> Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың</p>	<p>Картотека № 1</p> <p><u>Бақылау.</u> Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру. Желтоқсанда ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа-райы бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның температурасы нөлден төмен.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p>

ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу.
Еңбек: Ойын алағынжолды тазарту
Балаларды балабақша ауласындағы жолдарды тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарымен қолдана білуін нығайту.
Жеке жұмыс: Желдің күштілігін анықтау.
Әр түрлі белгілері бойынша (жел бар ма, күшті, әлсіз) желдің күштілігін анықтауға үйрету. қай бағытта екенін анықтау.
Өз бетінше іс-әрекеті: Балалардың ойында бір-бірімен араласа білуін, өз әрекетімен қылықтарын білдіре білуін, өз пікірінде тұруын жетілдіру, өз қатарының ұсынысымен келіспеушілігін

Мақсаты: Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру.
Еңбек: Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру. Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету. Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу.
Жеке жұмыс. Дидактикалық ойын: «Жер! Су! Ауа! От!» Балаға сөздердің дұрыс дыбысталуын үйрету.
Өз бетінше іс-әрекет: Балалар ойын барысында бір-бірімен араласа білуге, өз ойларын айта білуге, қарсыласының ойымен келіспеушілік ойын білдіруді қалыптастыру.

ажырата білу.
Шырша ағаштарының бұтағы бүкіл бойға жоғарыдан төменге салпылдап өседі, түбірі-қара, қылқан-бір-бірден өседі, жаңғақ-көп өмірсүргіш, дөңгелек ше тәрізді
Қимылды ойын: «Ловишки-елочки»
Мақсаты: Алаңда қозғалып жүру, «Бір, екі, үш-ұста» дегенде- бәрі алаңға жүгіреді, қағып алуға тырысады. Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу (шыршаны елестете отырып бәрі бір-біріне қарап тұрады).
Еңбек: Ағаштың қасына түскен бұталарды жинау. Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинап отыру (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы орынға апаруға үйрету.
Жеке жұмыс:

қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүйеге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.
Қимылды ойын: «Ақ аю» (ойын)
Мақсаты: Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.
Еңбектену қызметі Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Қай ағаш жасырынды, соны тап. Балаларға ағаштардың әртүрлі екендігін ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.

«Кегліні құлат»
Мақсаты: Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.
Еңбек. Қардан демалыс орнын тазарту. Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Еңбек ету ынтасына тәрбиелеу.
Жеке жұмыс. Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.
Өз бетінше іс-әрекеті Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру.

	көрсете білуін дамыту.		Дидактикалық ойын: «Не оңай?» Барлық заттарды айыра білуге үйрету (не жеңіл: жаңғақ па, тас па т.б.). Ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. <u>Өз бетінше іс-әрекет:</u> Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаны жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу.		
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешіну, рет-ретімен шкафқа жинауын қадағалау, үйрету. Беті – қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас мәзірімен таныстыру. Мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішер кез келді Сөйлемейміз күлмейміз Тамақтан басқа өзгені Көзімізге ілмейміз.				
Ұйқы	Ертегі оқып бер «Қасқыр мен жеті лақ»	Баяу музыка тыңдату «Күз»	Аудио ертегі тыңдату «Арыстан мен тышқан»	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату «Бесік жыры!»	Балалар әндерін тыңдату «Күн»
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	<u>Нүктелі массаж</u> 1. Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз 2. Түшкіріп, тұмауратпау үшін,	Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан - тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз	Артикуляциялық жаттығу №1. «Сағат» Жаттығуды сипаттау: жымиямыз, ауызды ашамыз. Жіңішке тілді кезекпен оң және сол езуге жеткізе қозғалтамыз.	Тыныс алу жаттығулар Ыстық сүт (шөй). Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі қаймағын)	Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру. Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан - тасқа секіріп Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз

	<p>нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз.</p> <p>3. Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз.</p> <p>4. Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз.</p>		<p>Тіл өзін сәндеп болған соң, үйге қайтатын уақыт болды ма екен, сағатқа қарады.Кане біздің сағаттарымыз қалай жұмыс істеп тұр екен.</p>	<p>итере үріп ішеміз. Кәне, ыстық сүтті үрлейік.</p>	
Бесін тамақ	Астарыңыз дәмді болсын! Тамақты ұқыпты ішу.				
Ойындар дербес әрекет.	<p>Вариативтік компонент</p> <p>«Сиқырлы әріптер»»</p> <p>Тақырыбы: «Ойлан тап»</p> <p>Мақсаты: Балаларға сөздің бірінші дыбысын басқа дыбыспен алмастыра отырып сөз ойлауға үйрету. Ойлау қабілетін дамыту. Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту.</p>	<p>Сюжеттік рөлдік ойын:«Отбасы»</p> <p>Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p>Вариативтік компонент</p> <p>«Кел, билейік»</p> <p>Хореография</p> <p>Пән мұғалімінің жоспары бойынша</p> <p>Дидактикалық ойын: «Мақалды жалғастыр»</p> <p>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту.</p>	<p>Сюжеттік рөлдік ойын:«Құрылысшы»</p> <p>Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Вариативтік компонент</p> <p>Ұлттық тәрбие «Асыл мұра»</p> <p>Тақырыбы: «Ұлы Абай атамыз»</p> <p>Мақсаты: Ұлы Абай туралы түсінік беру, оның өмірбаянымен, шығармашылығымен таныстыру.</p>
Баланың жеке картасына сәйкес	Мирасты әнді бірге бастап, бірге	Нұрасылды әнді бірге бастап, бірге аяқтауға	Нуралиға музыканың сипатына сәйкес	Мирасқа музыканың сипатына сәйкес	Нұрасылға музыканың сипатына сәйкес

жеке жұмыс	аяқтауға үйрету.	үйрету.	қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындауды үйрету.	қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындауды үйрету.	қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындауды үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау, үйрету.				
Серуендеу	Картотека № 3 Қимылды ойын: «Екі аяз»Мақсаты: Икемділігін дамыту,қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету.	Картотека № 23 Қимылы ойын: «Мұзды аулаға кіргіз» Мақсаты: Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату.	Картотека № 24 Қимылды ойын: «Ловишки-елочки» Мақсаты:Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш-ұста» дегенде-бәрі алаңға жүгіреді, қағып алуға тырысады.	Картотека № 20 Қимылды ойын:«Ақ аю» (ойын)Мақсаты: Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.	Картотека № 1 Қимылды ойын: «Кегліні құлат»Мақсаты: Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.
Балалардың үйге оралуы	Балалардың ұйымдастырылған оқу қызметінен алған жетістіктерін айту.	Балалармен үйде жеке жұмыс түрлері санауға үйрету- кеңес беру.	«Тәуелсіздік күні»- жылжымалы папка.	«Қыс қызығы»- фотокөрініс ұйымдастыру.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Желтоқсан айының III апта 13.12-17.12 аралығындағы Мектепалды «Ақжелкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып «Менің елім Қазақстан»

Тақырыпша: «Тәуелсіз Қазақстан»

Серуен			<p>Картотека № 1</p> <p><u>Бақылау.</u> Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру. Желтоқсанда ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа-райы бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның температурасы нөлден төмен.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> «Кегліні құлат» Мақсаты: Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.</p> <p><u>Еңбек.</u> Қардан демалыс орнын тазарту. Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Еңбек ету ынтасына тәрбиелеу.</p> <p><u>Жеке жұмыс.</u> Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ</p>	<p>Картотека № 12</p> <p><u>Бақылау.</u> Әр түрлі күн райына қарай қардың өзгеруін байқау. Мақсаты: Жылымық кезінде қар жабысқақ болады, қардан ойыншық аққала істеуге болатынына балалардың көңілін аудару керек, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе істеуге болмайды, Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың қасиеті өзгертінін байқап отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> «Кім озды?» Мақсаты: Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.</p> <p><u>Еңбек.</u> Ауа райына байланысты қардың өзгеруіне көңіл бөлуді жалғастыру.</p> <p><u>Жеке жұмыс:</u> Тәжірибе жұмыстары. (қар қандай екенін айт). Қар туралы балалардың білімін қадағалап, сөздік қорын кеңейту. Қар қалың, түкті, күн көзіне жарқырайды, жабысқақ, құрғақ.</p>	

			астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну. Өз бетінше іс-әрекеті Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру.	Өз бетінше іс-әректі. Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде қарым-қатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану. Белсенді балалар өз құрбыларының ынталарын баспауын қадағалау, жасқаншақтарға ұялшақ балалардың ойнауына көмектесеміз.	
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешіну, рет-ретімен шкафқа жинауын қадағалау, үйрету. Беті – қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас мәзірімен таныстыру. Мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішер кез келді Сөйлемейміз күлмейміз Тамақтан басқа өзгені Көзімізге ілмейміз.				
Ұйқы			Ертегі оқып беру «Ақшақар»	Баяу музыка тыңдату «Қыс»	
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары			Арқаға арналған «Ауа - райы» жаттығуы. Балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әт түрлі массаждар жасайды	Демалуды қалыпқа келтіру. Бәріміз бірге еңкейейік. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тіземізді ұстайық. Бір орында секіру. Тыныс алу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»	
Бесін тамақ	Астарыңыз дәмді болсын! Тамақты ұқыпты ішу.				
Ойындар дербес әрекет.			Вариативтік компонент «Кел, билейік» Хореография Пән мұғалімінің жоспары бойынша	Сюжетті рольдік ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.	
Баланың жеке			Нуралиды ертеңгілік	Нұрасылды ертеңгілік	

картасына сәйкес жеке жұмыс			гимнастиканың жаттығулар кешенін орындауға үйрету.	гимнастиканың жаттығулар кешенін орындауға үйрету.	
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау, үйрету.				
Серуендеу			Картотека № 1 Қимылды ойын: «Кегліні құлат» Мақсаты: Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.	Картотека № 12 Қимылды ойын: «Кім озды?» Мақсаты: Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.	
Балалардың үйге оралуы			«Қыс келді» - жылжымалы папка	Бала қасиеттері – стенд кеңесі	

Қаңтар айының ІІ апта 10.01-14.01.22 аралығындағы Мектепалды «Ақжелкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Тақырыпша: «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»

Мақсаты: Адам денсаулығына қажетті дәрумендер, тағамдар туралы түсініктерін кеңейту. Асты қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.01.22	Сейсенбі 11.01.22	Сәрсенбі 12.01.22	Бейсенбі 13.01.22	Жұма 14.01.22
Балаларды қабылдау.	Балалармен әңгімелесу Ұқыпты тамақтану дағдылары туралы	Балалармен әңгімелесу Ас құралдарын қолдану туралы	« Бізде кім жақсы» ойыны.Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды	Балалармен әңгімелесу «Дәрумендердің пайдасы қандай?»	Балалармен әңгімелесу Балалармен әңгімелесу «Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?»
Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу.	Дәнді-дақылдардан ертеңгілік ботқа жасап берудің бала денсаулығына пайдасы.	Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу.	Баланың өсіп-дамуы үшін дәрумендерді дұрыс қабылдаудың маңызы.	Сапалы ойыншықтар түрлерін басқа ойыншықтардан қалай ажыратуға болады.
Ойындар (үстел-үсті, дидактикалық, саусақ т.б).	Ойын: «Мейірімділік жібі» Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)	Тыныс алу жаттығу «Құс мамығын үрле» Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.	Саусақ ойыны «Салат» Сәбізді алып тазалаймыз. Үккішпен үгіп майдалаймыз. Қанттай сеуіп дәмдейміз. Қаймақ құйып сәндейміз. Міне, дайын нәр тағам. Дәруменге байыған.	Тіл ұстарту Ыдыс аяқ түрлері туралы Бақ –бақ – бақ Ас салатын табақ Шақ – шақ – шақ Өткір пышақ Зан – зан – зан Ет асатын қазан Зы – зы – зы Алма салатын вазы – ман – ман Су құятын құман Нек – нек – нек	Үстел үсті театры «Көкөніс-жемістер туралы» фотосуреттерді қарастыру.

				Шай қайнайтын шәйнек Се – се – се- Шайшетінкесе	
Ертеңгілік жатты	Ертеңгілік жаттығу № 9				
Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану. Тамақтан соң алғыс айту. Дастарханның бүгінгі Бар мәзірі жұғымды Дәмін татып көріп ек Ал айтайық рахмет!				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Ол не?» Мақсаты: топтағы заттардың не үшін керек екенің есте сақтау	Дидактикалық ойын: «Нені қайда салады?» (қантты – қант салғышқа және т.б.) мақсаты: Бідыс аяқ түрлерін ажырата білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Таза айту» Ойынның мақсаты: Сөздерді таза айтуға үйрету. мазмұны: Тәрбиеші балаларға қиын, тілі келмейтін сөздерді айтады, балалар соны қайталайды. Мысалы: ракета, шкаф.	Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» мақсаты: Заттардың атын дұрыс атай білуді үйрету. Мысалы: қоянның қолында сәбіз бар, ол көкөніске жатады. т.б.	Дидактикалық ойын: «Біреу және көп» мақсаты: Бір және көп заттарды ажырата білуге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу-қызметтері	<u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: Ақсақ құлан Мақсаты: «Ақсақ құлан» аңызының мазмұнын түсіндіру, балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту, хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. <u>Музыка</u> Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.	<u>Музыка</u> Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. <u>Орыс тілі</u> Орыс тілі пән мұғалімінің жоспары бойынша <u>Сауат ашу негіздері</u> Тақырыбы: «У» дыбысы мен әрпі Мақсаты: «У» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталау, балалардың тілдік қорларын, жазбаша	<u>Математика негіздері</u> Тақырыбы: Заттарды салмағы бойынша салыстыру Мақсаты: Заттардың салмағы және оларды өлшеу туралы ұғымдарды бекіту, «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету, заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету, кеңістікте орналасуды сипаттау	<u>Қоршаған ортамен танысу</u> Тақырыбы: Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі Мақсаты: Тұрмыстық техниканың шығу тарихымен, адам үшін қажеттілігімен танысу; қарапайым тұрмыстық техниканың қалай қолданылатыны туралы түсініктерін қалыптастыру	<u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: Қыста егіс алқаптарында неліктен қар тоқтатады? Мақсаты: Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға қарапайым ғылыми білім беру. Зерттеушілік іс-әрекеттеріне

Сурет салу
Тақырыбы:
Мерекелік
дастарқан
Мақсаты:Қазақтың
дастарқаны, қонақ күту
рәсімі туралы
түсініктерін жетілдіру.
Іс-әрекет барысында өз
ойын
толық жеткізе
әңгімелеу арқылы тілін
дамыту. Дастарқанды
әшекейлеу арқылы
көркемдік талғамын
қалыптастыру,
әсемдікті, сұлулықты
сезіне білуге тәрбиелеу

тапсырмаларды
орындау арқылы
қолдың ұсақ
қимылдарын дамыту,
ұйымшылдыққа
тәрбиелеу.
Дене шынықтыру
Мақсаты:
Тізбекпен жүру, арқан,
жіп үстінен тура,
бүйірмен жүру,
ирелендеп жүгіру,
белгі бойынша
бағытты өзгерте баяу
жүгіру, бір аяқтан
екінші аяққа
кезектестіре секіре
жүгіру, тәрбиешінің
белгісі бойынша бір
орында тұрып шыр
айнала бұрылуға
жаттықтыру,
гимнастикалық
адыммен жүру.
Орындықтан секіріп
түсуді, биіктікке
секіруді үйрету. Бір
қолмен дорбашаны
төменнен шығыршық
ішіне лақтыруды
үйрету.

білігін дамыту
жұмысын жалғастыру,
зейінді, ойлауды,
сөйлеу дағдыларын
дамыту. Дербестікке
тәрбиелеу.
Сауат ашу негіздері
Тақырыбы:
«И» дыбысы мен әрпі
Мақсаты:
И әрпі және
дыбысымен
таныстыру. И дыбысы
бар сөздерге дыбыстық
талдау жасау. Айтылу
артикуляциясын
меңгерту. Сөздер
арасынан И дыбысын
табуға үйрету.Осы
сөздермен сөйлем
ұқрауға байланыстыра
сқйлеуге үйрету.
Ұқыптылыққа
тәрбиелеу.
Көркем әдебиет
Тақырыбы:
Жақсы мен жаман
Мақсаты:
Жақсы мен жаман
туралы түсініктерін
кеңейту. Өлең – әдеби
жанрдың бір түрі
екенін түсіндіру.
Өлеңді мәнерлей оқи
отырып, логикалық
екпінмен, үзілістермен

Мүсіндеу
Тақырыбы:
Қоян көжектерімен
Мақсаты:
Балаларды қоянның
тыныс-тіршілігімен
таныстыру, қоянның
үй жануарына
жататынын түсіндіру,
ермексазды алақанның
арасында домалата
отырып,оны жалпақтау
тәсілдерін жетілдіру
Өзін-өзі тану
Тақырыбы:
Жақсылыққа-
жақсылық
Мақсаты:
«Өзара достық»,
«жақсылық» ұғымдары
туралы түсінік беру.
Достық қарым-қатынас
туралы түсініктерін
кеңейту, үлкендермен,
құрбыларымен
сыйластық қарым-
қатынас мәдениетін
дамыту, достықты
қадірлей білуге үйрету.
Дене шынықтыру
Мақсаты:
Тізбекпен жүру, арқан,
жіп үстінен тура,
бүйірмен жүру,
ирелендеп жүгіру,
белгі бойынша

баулу.
Дене шынықтыру
Мақсаты:
Тізбекпен жүру,
арқан, жіп үстінен
тура, бүйірмен жүру,
ирелендеп жүгіру,
белгі бойынша
бағытты өзгерте баяу
жүгіру, бір аяқтан
екінші аяққа
кезектестіре секіре
жүгіру, тәрбиешінің
белгісі бойынша бір
орында тұрып шыр
айнала бұрылуға
жаттықтыру,
гимнастикалық
адыммен жүру. Бір
қолмен дорбашаны
төменнен шығыршық
ішіне лақтыруды
үйрету. Қолды жерге
тигізбей
шығышықтан тура
және бір бүйірмен
өтуді үйрету.
Жапсыру
Тақырыбы:
Қысқы түн
Мақсаты:
Үлкен және кіші
геометриялық
пішіндерді салыстыра
отырып жапсыруға
үйрету,

			жаттауға үйрету.	бағытты өзгерте баяу жүгіру, бір аяқтан екінші аяққа кезектестіре секіре жүгіру, тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып шыр айнала бұрылуға жаттықтыру, гимнастикалық адыммен жүру. Бір қолмен дорбашаны төменнен шығыршық ішіне лақтыруды үйрету. Қолды жерге тигізбей шығышықтан тура және бір бүйірмен өтуді үйрету.	жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету, өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, қайшымен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру, табиғатты сүюге, қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Серуен	Картотека № 4 <u>Бақылау.</u> Аспанды бақылау. Мақсаты: Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту (таза, тұтастай бұлттармен жамылған). Аспан қыс басында тұтастай бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында айқын-көк, өте әдемі болады. Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту.	Картотека № 5 <u>Бақылау.</u> Күннің көзін бақылау. Мақсаты: Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн. Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары, күн ұзарады.	Картотека № 14 <u>Бақылау.</u> Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? Мақсаты: Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп	Картотека № 16 <u>Бақылау.</u> Құстарды бақылау. Мақсаты: Балаларға қыстайтын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу. Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету. Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар	Картотека № 20 <u>Бақылау.</u> Қардың астында өсетін өсімдіктерді бақылау Мақсаты: Балаларға жазда өсіп, қазір қардың астында қалған өсімдіктерді ұқыптылықпен қазып алуды ұсыну. Қардың астындағы шөпті бақылау. Кішкентай жасыл өсімдіктердің жерге жабысып жатқандығын, олардың жұқа және нәзік екендігін

Қимылды ойын:

«Ұйымдастырушылар»
Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттың көрсетудегі қозғалыс түрі бойынша шеше білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынтасын тәрбиелеу.

Еңбек.

Бақшаның қатарларын қармен толтыру. Жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мәнділігін түсіндіру. Еңбек ету талабына тәрбиелеу.

Жеке жұмыс:

Жұмбақты шешу. Қыста жансыз табиғат жөніндегі білімін балаларға нығайту, ойлауды, шығармашылық белесті дамыту.

Өз бетінше іс-әрекеті

Табиғат жағдайын есепке ала, дәлізде сабақ және ойын үшін жағдай құру. Жағымды тәртіпті қалыптастыру.

Қимылды ойын:

«Хоккеистер»
Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.

Еңбек.

Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.

Өз бетінше іс-әрекеті

Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру. Дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу.

сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүйуге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.

Қимылды ойын: «Ақ аю» (ойын)
Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.

ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарды жақсы көріп, оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Ұяда құстар өздерін қалай ұстайтындарын бақылау.

Қимылды ойын:

«Үкі» Ойын барысында өз іс әрекеттерін қарсыластарымен келісе білу қабілеттерін дамыту. Белсенділікке өз бетінше жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Еңбектену.

Құстарды тамақтандыру Қыста құстарға далада тамақ беруге баулу. Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу.

Өз бетінше іс-әрекеті:

Балаларға өз рөлдерін

бақылау. Қар өсімдік тұқымының үсімеуінен және оларды қорғайтындығын қалыптастыру. Табиғатты сүйіп, аялай білуге тәрбиелеу.
Қимылды ойын: «Біз көңілді балалармыз»
Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіріп шығу, бір-бірін итермеу, ойынның шартын сақтау. Балаларды ойын талабына сай шапшаңдыққа, икемділікке баулу.

				және қарсыластарының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуді үйрету, ойын барысында балаларға 2-3 рөлде ойнауға баулу, бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ережелерін білу.	
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешіну, рет-ретімен шкафқа жинауын қадағалау, үйрету. Беті – қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас мәзірімен таныстыру. Мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішер кез келді Сөйлемейміз күлмейміз Тамақтан басқа өзгені Көзімізге ілмейміз.				
Ұйқы	Ертегі оқып беру «Ақшақар»	Баяу музыка тыңдату «Қыс»	Аудио ертегі тыңдату «Жыл басына таласқан хайуанаттар»	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату «Балама тілек»	Балалар әндерін тыңдату «Тәтті»
Біртіндеп тұру. Ауа, су ем шаралары	Нүктелі массаж 1.Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз 2.Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 3.Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз. 4.Құлағымызда	Артикуляциялық жаттығу №8. «Тісімізді тазалаймыз» Әдемі кеседен шай ішіп болған соң, Тіл тісін тазалауға кірісті. Жаттығуды сипаттау: жымиямыз, ауызды ашамыз, тілдің ұшымен төменгі тістің іш жағынан тазалаймыз (оңға, солға) 7-8 рет. тілдің ұшымен жоғарғы тістің іш жағынан	«Жаңғақтармен ойын» Ойын мақсаты: балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды	Кілемге жатып, аяқты көтеріп, велосипед тебу, қалыпқа келу (3-4 рет). Жерде жатып, балықша жүзу, екі қолды сермеу, қалыпқа келу (3-4 рет). Аяқтың ұшымен көтерілу, демді жұтып шығару (3-4 рет). Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір, Оң аяқ, сол аяқ	Демалуды қалыпқа келтіру. Бәріміз бірге еңкейейік. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тізімізді ұстайық. Бір орында секіру. Тыныс алу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»

	<p>ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. Керемет балалар, бізге ешқандай суық тию кедергі болмайды (алақанын уқалау)</p>	<p>тазалаймыз (оңға, солға) 7-8 рет.</p>		<p>Жаттығу оңай-ақ.</p>	
<p>Бесін тамақ</p>	<p>Астарыңыз дәмді болсын! Тамақты ұқыпты ішу.</p>				
<p>Ойындар дербес әрекет.</p>	<p>Вариативтік компонент Сиқырлы әріптер Тақырыбы: «Кім тапқыр?» Мақсаты: Берілген дыбыстың орнын таба білуге машықтандыру, зейінді болуға, түстерді ажыратып, тапқырлыққа баулу.</p>	<p>Сюжетті рольдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Мамандық иелерінің құралдары» Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.</p>	<p>Вариативтік компонент Кел, билейік Хореография Пән мұғалімінің жоспары бойынша</p>	<p>Сюжетті рольдік ойын: «Асхана» Мақсаты: Балаларды көпшілікте өзін ұстау, үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Адамдарға қызмет көрсету, сыпайы болуға баулу. Дидактикалық ойын: «Қайдан сатып алуға болады?» Мақсаты: Балалардың әр түрлі дүкендерде сатылатын алуан түрлі тауарлар жайынды білімдерін нығайту, мәселен, азық-түлік, тұрмыстық, кітап дүкендері (әр түрлі азық-түлік т.б) дүкендері болады, оларды ажырата білуге, ата-аналарымен</p>	<p>Вариативтік компонент Ұлттық тәрбие <u>«Асыл мұра»</u> Тақырыбы: «Ежелгі көшпенді ата салты» Мақсаты: Қазақ халқы көшпенділігі туралы баяндап беру, көшпенді деген ұғымды түсіндіру, не себепті көшкен, қыстау, жайлау сөздерін түсіндіру.</p>

				бірге сауда жасауға тәрбиелеу.	
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Нуралиға қозғалыс ойындарында ойын ережелерін сақтауға үйрету.	Нұрасылға қозғалыс ойындарында ойын ережелерін сақтауға үйрету.	Нуралиға бір қатарға қайта тұруға, сап түзеп жүруден бір және екі қатармен қайта тұруға, бір орында бұрылуға үйрету.	Нұрасылға бір қатарға қайта тұруға, сап түзеп жүруден бір және екі қатармен қайта тұруға, бір орында бұрылуға үйрету.	Нуралиға порттық ойын элементтерін және жаттығуларын меңгерту.
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау, үйрету.				
Серуендеу	Картотека № 4 Қимылды ойын: «Ұйымдастырушылар» Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету. Ойынға қатысуға ынтасын тәрбиелеу.	Картотека № 5 Қимылды ойын: «Хоккеистер» Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.	Картотека № 14 Қимылды ойын: «Ақ аю» (ойын) Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.	Картотека № 16 Қимылды ойын: «Үкі» Ойын барысында өз іс әрекеттерін қарсыластарымен келісе білу қабілеттерін дамыту. Белсенділікке, өз бетінше жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Картотека № 20 Қимылды ойын: «Біз көңілді балалармыз» Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіріп шығу, бір-бірін итермеу, ойынның шартын сақтау. Балаларды ойын талабына сай шапшаңдыққа, икемділікке баулу.
Балалардың үйге оралуы	«Менің отбасым»- фото көрініс ұйымдастыру.	Егер сіздің балаңыз солақай болса?- психолог кеңесі	Балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әріптерді жазуға кеңес беру.	Жеке жас ата – аналарға үйде балаларымен көп әңгімелесуге кеңес беру.	Төлемақы жайлы айту, анықтамалар жайлы ескерту.

Қаңтар айының III апта 17.01-21.01. 22 аралығындағы Мектепалды «Ақжелкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Тақырыпша: : «Өз-өзінді қорғай біл»

Мақсаты: Күнделікті өмірдегі жазым болудың алдын алатын және күтпеген оқиғалардан өзін сақтандыратын іс-әрекеттердің қарапайым ережелерімен таныстыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.01	Сейсенбі 18.01	Сәрсенбі 19.01	Бейсенбі 20.01	Жұма 21.01
Балаларды қабылдау.	Балалармен әңгімелесу Даладағы қауіпсіздік ережесі туралы әңгімелесу.	Балалармен әңгімелесу "Мен көшедемін"	Балалармен әңгімелесу Өз көшесінің аты мен мекен жайларын дұрыс үйрету жөнінде әңгімелесу.	Балалармен әңгімелесу «Үйде жалғыз қалғанда» тақырыбында әңгімелесу.	Балалармен әңгімелесу «Бағдаршам бізге не үшін қажет» екені туралы жөнінде әңгімелесу.
Ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес: Балалардың көшеде абай болуын қадағалау. Жол белгісі ережелерін қатаң сақтау.	Балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы ескертіп отыру жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Мектепалды даярлық топ балаларының ерекшеліктері жайлы ата-аналарға кеңес беру	Психологтің Тренинг: «Мен қандай ата-анамын?»
Ойындар (үстел-үсті, дидактикалық, саусақ т.б).	« Достық» саусақ ойын жаттығуы. Мақсаты: Балалардың саусақ маторикасын дамыту, ересектің айтуы бойынша қимылдар жасауға үйрету	«Көңілді аңдар» музыкалық ойын жаттығуы. Мақсаты: Әуенді тыңдай отырып, аңдардың қимылын жасау	Тіл ұстарту жаттығуы Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс.	Фотосуреттер қарастыру: «Үйдегі қауіпсіздік»	Апталық тақпақ. Үйде ешкім жоқ кезде, Анаң жұмысқа кеткенде. Танымайтын ағаймен, Апайды үйге кіргізбе. Қылмыскерлер қулықпен, Монтермін деп те алдар. Почташымын десе де, Есікті оған ашпандар. Үйінді, сені ұрылар, Тонап кетпесін десеңіз.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу № 10				

Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану. Тамақтан соң алғыс айту. Дастарханның бүгінгі Бар мәзірі жұғымды Дәмін татып көріп ек Ал айтайық рахмет!				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Керісінше айт» ойыны Мақсаты: Логикалық ойлауды дамыту, қарама-қарсы мағынасы бойынша айта алуды үйрету.	Дидактикалық ойын: «Бір-бірімізбен сәлемдесейік» ойыны Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту	Дидактикалық ойын: «Ұқсастықты тап» ойыны Мақсаты: Заттардағы ұқсастықты табу және өз дәлелін негіздей алу іскелігін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр» ойыны Мақсаты: Ойлаужылдамдығын, сөйлеу белсенділігін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты: Төрт мезгіл мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.
Ұйымдастырылған оқу-қызметтері	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Су торғайы Мақсаты: Суреттегі құстарды сипаттап, айырмашылықтарын тауып, байланыстыры п сөйлеуге үйрету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін жетілдіру Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. Сурет салу Тақырыбы: Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы Мақсаты: Серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған	Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. Орыс тілі Орыс тілі пән мұғалімінің жоспары бойынша Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «И» дыбысы мен әрпі Мақсаты: «И» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Математика негіздері Тақырыбы: Бүтін және бөлік Мақсаты: «Бүтін және бөлік» терминдерін енгізу, бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету, түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту, бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Мақсаты: Маша мен аю Мақсаты: Ертегіні таныстыруда балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру, оның мазмұнын, мағынасын түсініп, өз ойымен жеткізе білуге үйрету, ойын қиялымен ұштастыруға, кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге дағдыландыру. Балалар ды адамгершілікке тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: Үй жануарларының қандай пайдасы бар? Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері, олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін толықтыру, үйжануарлары мен жабайы жануарлардың атын атап, оларды бір- бірінен айыра білуге үйрету. Қандай да бір жануарды суреттей білу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатты бағалай білуге, оған

<p>әсерлерін суретте бейнелеу. Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету, балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	<p><u>Дене шынықтыру</u> Мақсаты: Бір тібекпен жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша аяқтың ұшымен, өкшемен, белгі бойынша шыр айнала бұрылып жүру, заттардың арасынан шашырамай, 2 минутқа дейін жүгіру. Бұрыштарда шыр айнала бұрылып жүру, тізбекпен келе жатып бір-бірден жан-жаққа тарауға, қолды жерге тигізбей шығыршықтан тура және бүйірмен өтуге жаттықтыру. Гимнастикалық орындықтан белгіленген орынға биіктіктен секіріп түсуді үйрету.</p>	<p>Шыдамдылыққа тәрбиелеу. <u>Сауат ашу негіздері</u> Тақырыбы: «Й» дыбысы мен әрпі Мақсаты: Й әрпі және дыбысымен таныстыру. Бұл әріптің төбесінде ай белгісі бар және қысқа «й» деп аталатынын, дауыссыз дыбысқа жататынын түсіндіру. Тіл ұстарту мақсатында «й» дыбысы кездесетін сөзді тауып айтуды меңгерту. Төзімділікке тәрбиелеу <u>Кұрастыру</u> Тақырыбы: Көліктер Мақсаты: Кұрылыс материалдарымен және «Лего» конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету, берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу, оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өз жасаған құрылысын талдау</p>	<p><u>Мүсіндеу</u> Тақырыбы: Жіп орамымен ойнаған мысық Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, саусақ арқылы жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, ермексаздың түсін ажырата білу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, тазалыққа, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. <u>Өзін-өзі тану</u> Тақырыбы: Түсінісу мен кешіруді үйренеміз Мақсаты: «Кешірім», «өзара түсіністік» адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту, кешірім, түсінісу сөздерінің мағынасын түсіндіру, балалардың жақсы қасиеттерін дамыту, өзара сенім мен түсіністікке тәрбиелеу.</p>	<p>адамгершілік қарым-қатынас жасауға үйрету. <u>Жапсыру</u> Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым Мақсаты: Үлгі сызық бойынша бейнені қия білуін бекіте отырып, өз бетінше безендіруге үйрету. Балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтарының аттарын атай отырып сипаттауға және оларға ұқыпты қарай білуге баулу, балаларға қиюдың түрлі тәсілдерін меңгерту, таңдау жасай білуге, ұқыптылыққа үйрету, саусақ қимылдарын арттыру, қағазды қию қабілеттерін дамыту, төзімділікке тәрбиелеу. Мақсаты: <u>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</u> Үйде жалғыз</p>
--	---	--	--	--

			негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Мақсаты: Музыка әуенімен тізбекте бір-бірден жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша аяқтың ұшымен, өкшемен, белгі бойынша шыр айнала бұрылып жүру, шашырай, ирелендеп 2 минутқа дейін жүгіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындықтан белгіленген орынға сәл бүгілген аяқпен жайлап секіріп түсуді бекіту.	қалғанда Мақсаты: Үйде жалғыз қалғанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету . Балалардың үйдегі қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайларымен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету. Сақтықпен өмір сүруге тәрбиелеу.
Серуен	Картотека № 1 <u>Бақылау.</u> Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру. Қаңтарда күн көбейеді, айқын жарқырайды, бірақ күннің көзі жылытпайды, ең күшті аяздар тұрады, барлығы қармен жабылған, ағаштарға	Картотека № 3 <u>Бақылау.</u> Желді бақылау. Мақсаты: Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> «Екі аяз» Мақсаты: Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын	Картотека № 6 <u>Бақылау.</u> Терең қар жамылғысының тереңдігін бақылау Мақсаты: Балалардың көңілін бөлімшенің қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу. Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну. Ұзындығының шартты өлшемімен адамдар метрді орнатқанын	Картотека № 29 <u>Бақылау.</u> Көпірді бақылау Көпірмен таныстырып, көпір мен көпірдің арасында жол бар екендігін ұғындыру. Көпірдің құрылысы жайында түсіндіру (тіреуіші, жан-жақты құрылымы) бар; жүру белгісі (автокөлікке, жаяу жүргіншілерге, бәріне ортақ). <u>Қимылды ойын:</u> Қысқы Дабылға	Картотека № 27 <u>Бақылау.</u> Көшені бақылау Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әр түрлі екендігін үйрету және балабақша қай көшеде орналасқандығын білу. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, почта, колледж, кітап

қырау тұрады.
Қимылды ойын:«Кегліні құлат»
Мақсаты:
Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту.
Белсенділікке тәрбиелеу.
Еңбектену әрекеті
Қардан ойын орнын тазарту.
Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.Еңбек ету ынтасына тәрбиелеу.
Жеке жұмыс:
Балаға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.
Өз бетінше іс-әрекеті
Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру.

арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу.
Еңбектену әрекеті
Қардан жолды тазарту Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарымен қолдана білуін нығайту, оларды тазалықта және тәртіпте ұстау.
Жеке жұмыс Желдің күштілігін анықтау. Әр түрлі белгілері бойынша желдің күштілігін анықтауға балаларды жаттықтыру, қай бағытта екенін анықтау.
Өз бетінше іс-әрекеті
Балалардың ойында бір-бірімен араласа білуін, өз әрекетімен қылықтарын білдіре білуін, өз пікірінде тұруын жетілдіру; өз қатарының ұсынысымен келіспеушілігін көрсете білуін дамыту.

түсіндіру.Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар жамылғысының тереңдігін өлшеу; қалың қарды күрекпен кесу, қардың қалыңдығымен бөлігіне көңіл бөлу
Қозғалыстағы ойын:
«Аяз-Қызыл мұрын»
Мақсаты:
Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау (қолың тиген жерде-қатырып тастаған жерде тоқтайды).Ойында достықты және өзара көмекті көрсету.
Еңбектену әрекеті
Гүлзарда қар тоқтатуды орнату
Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту(қарды тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу.
Тапсырманы орнатуға үйрету, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерді қалыптастыру.

байланысты іс-әрекет жасай білу дағдыларын бекіту, кезекті адыммен жүру, кезекпен оң және сол аяқпен сырғанау; шанада отырып сырғанау, аяқпен итеру.Тапқырлықтары н, батырлықтарын айтып мадақтау.
Еңбектену қызметі
Көпірге құм себу
Берілген тапсырманы - жолға құм себуді өз беттерінше орындауға үйрету. Білу және еңбектену талабына тәрбиелеу.
Жеке жұмыс:«Көпір неден жасалған?»
Балаларға көпірдің қандай материалдан жасалғанын үйрету.
Өз бетінше іс-әрекет.
Ойын ойнау барысында белсенділіктерін арттыруға тәрбиелеу.

баспасы және т.б.).
Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды.
Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет.Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету.
Қимылды ойын:«Бос орын»
Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі-оңға, басқасы-солға), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу.Ойын талаптарын орындауға үйрету.
Еңбек қызметі.Алаңдағы құралдарды қардан тазарту (сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б.). Өз беттерімен

			<p><u>Жеке жұмыс:</u> Ашық орынға қарағанда, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын балаға ойлануды ұсыну. Қорытынды. Бұл орындарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады.</p> <p><u>Өз бетінше іс-әрекеті</u> Қазіргі ойындарда өз құрдастарымен 2-3 рөлді ұстайтын, ойында бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын әрекетін орындау, жалпы ойын барысына сәйкес әрекет ету.</p>		<p>алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету.</p> <p><u>Жеке жұмыс:</u> «Не істейміз, кім боламыз?» Бала бойынан жақсы көретін мамандықты, қимыл-қозғалыс арқылы кім болғысы келетіндігін көрсете білуін бекіту.</p> <p><u>Өз бетінше іс-әрекет</u> Балаларға өз рөлдерін және қарсыластарының рөлдерін біліп, 2-3 рөлде кезекпен ойнап; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ретінде- рөлдік ойын ережесін білу.</p>
Серуеннен оралу	Өз бетімен шешіну, рет-ретімен шкафқа жинауын қадағалау, үйрету. Беті – қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Ас мәзірімен таныстыру. Мәдениетті тамақтануға баулу. Тамақ ішер кез келді Сөйлемейміз күлмейміз Тамақтан басқа өзгені Көзімізге ілмейміз.				
Ұйқы	Ертегі оқып беру «Түлкі мен тырна»	Баяу музыка тыңдату «Нәзіктік»	Аудио ертегі тыңдату	Музыкалық киіз үйден бесік жырын тыңдату«Балама тілек»	Балалар әндерін тыңдату «Қыс»
Біртіндеп тұру.	Нүктелі массаж	Артикуляциялық	Демалуды қалыпқа	Арқаға арналған «Ауа	Алақанға арналған

<p>Ауа, су ем шаралары</p>	<p>1.Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз 2.Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 3.Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз. 4.Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. Керемет балалар, бізге ешқандай суық тию кедергі болмайды (алақанын уқалау)</p>	<p>жаттығу «Сағат» Жаттығуды сипаттау: жымиямыз, ауызды ашамыз. Жіңішке тілді кезекпен оң және сол езуге жеткізе қозғалтамыз. Тіл өзін сәндеп болған соң, үйге қайтатын уақыт болды ма екен, сағатқа қарады.Кане біздің сағаттарымыз қалай жұмыс істеп тұр екен.</p>	<p>келтіру. Бәріміз бірге еңкейейік. Бірге секірейік. Бірге созылайық. Бірге қолымызды созайық. Бірге еңбектейік. Бірге тіземізді ұстайық. Бір орында секіру. Тыныс алу. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»</p>	<p>- райы» жаттығуы. Балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әт түрлі массаждар жасайды</p>	<p>«Кірпі» жаттығуы. Тікенек допты алақанға салып, айналдыру</p>
<p>Бесін тамақ</p>	<p>Астарыңыз дәмді болсын! Тамақты ұқыпты ішу.</p>				
<p>Ойындар дербес әрекет.</p>	<p>Вариативтік компонент «Сиқырлы әріптер» Тақырыбы: «Қарама-қарсы сөздер» Мақсаты: Антоним сөздерді салыстыру арқылы ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін, сөздік қорын молайту.</p>	<p>Сюжетті рөльдік ойын: «Жолаушылар» Мақсаты:Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру Дидактикалық ойын:</p>	<p>Вариативтік компонент «Кел, билейік» Хореография Пән мұғалімінің жоспары бойынша</p>	<p>Жұмбақтар күні. Қауіпті заттар туралы жұмбақтар шешу. Дидактикалық ойын: «Не дыбыстайды?» Мақсаты: балалардың ненің қалай дыбыстайтынын білуі,айтуы керек.</p>	<p>Вариативтік компонент Ұлттық тәрбие «Асыл мұра» Тақырыбы: «Өнер алды қызыл тіл»Мақсаты: Өнердің бір түрі – әдемі, шебер сөйлеу екенін ұғындыру, «өнер алды қызыл тіл» деген сөздің</p>

		«Не қайда жатыр?» Мақсаты: Баланың ой өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, зейінділігін арттыру.			мағынасын түсіндіру. Сөйлеу шеберлігіне не жататынын, ондай адамдар кім болғаны туралы түсіндіру.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	Нұрасылға спорттық ойын элементтерін және жаттығуларын меңгерту.	Нуралиға негізгі пайдалы азық-түліктерді атауға үйрету.	Нұрасылға негізгі пайдалы азық-түліктерді атауға үйрету.	Нуралиға аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы үйрету.	Нұрасылға аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін дұрыс киінуін қадағалау, үйрету.				
Серуендеу	Картотека №1 Қимылды ойын: «Кегліні құлат» Мақсаты: Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.	Картотека №1 Қимылды ойын: «Екі аяз» Мақсаты: Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу.	Картотека № 6 Қимылды ойын: «Аяз-Қызыл мұрын» Мақсаты: Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау. Ойында достықты және өзара көмекті көрсету.	Картотека № 29 Қимылды ойын: Қысқы Дабылға байланысты іс-әрекет жасай білу дағдыларын бекіту, шанада отырып сырғанау, аяқпен итеру. Тапқырлықтарын, батырлықтарын айтып мадақтау.	Картотека № 27 Қимылды ойын: «Бос орын» Мақсаты: Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі-оңға, басқасы-солға), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.
Балалардың үйге оралуы	«Компьютер ойындарының зияндылығы» - стенд кеңесі	Қысқы далада серуендеудің қауіпсіздік ережелері-әңгімелесу	«Үйде жалғыз қалғанда»- жылжымалы папка	Жеке жас ата – аналарға үйде балаларымен көп әңгімелесуге кеңес беру.	Төлемақы жайлы айту, анықтамалар жайлы ескерту.

Қаңтар айының IV апта 24.01-28.01. аралығындағы Мектепалды «Ақжелкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Тақырыпша: «Спорт-денсаулық кепілі»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулықты сақтау мен күтуге деген құлшыныстарын аттыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.01.22	Сейсенбі 25.01.22	Сәрсенбі 26.01.22	Бейсенбі 27.01.22	Жұма 28.01.22
Балаларды қабылдау.	Балалармен әңгімелесу «Денсаулығын мықты болсын десен» - әңгімелесу	Балалармен әңгімелесу Қыс мезгілі несімен қызықты? -әңгімелесу	Балалармен әңгімелесу «Қарды жеуге бола ма?» - денсаулық сақтау ережелері туралы - әңгімелесу	Балалармен әңгімелесу Ата - ананың қайсысы спорт түрімен шұғылданады? - әңгімелесу	Балалармен әңгімелесу Үстел үсті театры «Спорт»картиналар топтамасынан суреттер қарастыру.
Ата-аналармен әңгімелесу.	Ата - ананың қайсысы спорт түрімен шұғылданады - әңгімелесу.	Балаңыз спортпен шұғылдана ма?- әңгімелесу.	Салауатты өмір салтын қалай түсінесіз?- әңгімелесу.	Сіздердің үйлеріңізде қандай денешынықтыру құрал - жабдықтары бар - әңгімелесу.	Балаңыздың дене тәрбиесінде қандай қиыншылықтарды кездестіресіз? - әңгімелесу.
Ойындар (үстел-үсті, дидактикалық, саусақ т.б).	Тыныс алу жаттығулары «Қолымызды жылытайық» Қыста қолғап кимесек қолымыз тоңып қалады. Міне, міне, қолымыз тоңып қалды, ендеше қолымызды өз демімізбен жылытайық. Қане, қане, қолың тоңса, деміңмен жылыт!	« Ұйқасын тап» ойыны: Бір, екі, үш, төрт, үйде болып жатыр(өрт) Түтін басып кетіпті, сөндірмеген біреу.....(үтікті). Қызыл жалын лаулады, демек сірінкемен біреу..... (ойнады) Тек тұрғаның жарамас, тез 101 ге сен (хабарлас)	Санамақ Білесің гой күндерін аптаның, Оларды жылдам санағын. Егер есептен жаңылмасаң. Онда шығар жеті сан Дүйсенбі, сейсенбі Сәрсенбі, бейсенбі Жұма, сенбі, жексенбі.	Саусақ театры «Түлкі мен қоян» Мақсаты: Кейіпкерлерді қозғалта білуге , қозғай отырып сөйлеуге тәрбиелеу.	Үстел үсті театры «Спорт» туралы- фотосуреттерді қарастыру.
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу № 10				

Таңғы ас	Тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану. Тамақтан соң алғыс айту. Дастарханның бүгінгі Бар мәзірі жұғымды Дәмін татып көріп ек Ал айтайық рахмет!				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Менің айтуым бойынша. Шарты: Тәрбиеші бір баланы айтатып, сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	«Айна» ойыны. Шарты: Балалар бір қатарға тұрып, алдында тұрған баланың қимылын қайталайды.	Дидактикалық ойын: «Қауіпті және қауіпсіз заттар» Мақсаты:Қауіпті заттарды қауіпсіз заттардан ажырату.	Дидактикалық ойын: «Қайысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: Суреттен көрген заттардың аттарын атап,олардың қайда өмір сүретінін айтқызу.Сөздік қорын молайту.	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын толықтыру.
Ұйымдастырылған оқу-қызметтері	<u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: Қыс қызықтары Мақсаты: Бейнелі сөйлеуді дамыта отырып, шағын әңгіме құрауға үйрету. Салауаттылыққа тәрбиелеу. Байланыстыра сөйлеуге үйрету. <u>Музыка</u> Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: Қар кесегі Мақсаты: Қыс қызығымен таныстыру, қысқа табиғатқұбылыстары	<u>Музыка</u> Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. <u>Орыс тілі</u> Орыс тілі пән мұғалімінің жоспары бойынша <u>Сауат ашу негіздері</u> Тақырыбы:«Й» дыбысы мен әрпі. Мақсаты:«Й» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	<u>Математика негіздері</u> Тақырыбы: Артық, кем,тең Мақсаты:«Артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру, түпкілікті жиын мен оның бөліктері арасындағы қатынастарды анықтау білігін дамыту: бүтін өзінің бөлшегінен үлкен, саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру. Зейінді, жадты, логикалық ойлауды	<u>Қоршаған ортамен танысу</u> Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері және оларды күту Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін дұрыс күте білуге үйрету. <u>Мүсіндеу</u> Тақырыбы: Торғайлар Мақсаты: Құстардың дене бөліктерінің көлемдерін үйлестіре білуге үйрету, балаларға ермексазды пайдаланып, бірнеше бөліктен тұратын құстың пішінін мүсіндеу алуға үйрету, мүсіндеу арқылы қол қимыл-қозғалыстарын	<u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: Әтеш қай кезде шақырады? Мақсаты:Ұй құстарының атауларын білу және оларды бірбірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау,салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалдық, эстетикалық және

н сезіне білуге, қардың «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсіндіру, балаларға дербес түрде қар кесегін салуды үйрету, жыл мезгіліне байланысты өзгерісті сурет салуда бере білу білігін бекіту. Балалардың қысқы құбылыстар туралы білімдерін кеңейту, заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.

Дене шынықтыру

Мақсаты: Музыка әуенімен тізбекте бір-бірден жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша аяқтың ұшымен, өкшемен, белгі бойынша шыр айнала бұрылып жүру, шашырай, ирелеңдеп 2 минутқа дейін жүгіруге, кедір-бұдыр тақтай үстімен жүруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындықтан белгіленген орынға сәл бүгілген аяқпен жайлап секіріп түсуді бекіту

дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сауат ашу негіздері

Тақырыбы: «П» дыбысы мен әрпі
Мақсаты: П әрпі және дыбысымен таныстыру. П дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдай жасай білуге үйрету. Оқи білуге қызығушылықтарын арттыру. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа тәрбиелеу.

Көркем әдебиет

Тақырыбы: Бір уыс мақта
Б.Алтынсарин
Мақсаты: Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Әңгіменің мазмұнымен таныстыру. Бір-бірімен байланысты сюжет бойынша әңгімені шығармашылықпен құрап айту. Әңгіменің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге

дамыту, құстарды сүюге, қамқорлық жасауға баулу, адамгершілікке тәрбиелеу.

Өзін-өзі тану

Тақырыбы: Бәрі татулықтан басталады
Мақсаты: Отбасы, сүйіспеншілік, татулық ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы өзара сыйластық, өзара түсіністіктерінің қалыптасуына ықпал ету, туған, өскен үйде тату болуға тәрбиелеу.

Дене шынықтыру

Мақсаты: Тізбекпен тізені жоғары көтере адымдап, сырғанай «шаңғышылар» қимылы, тапсырманы баяу, шапшаң қалыпта орындай жүруге жаттықтыру, қимыл үйлесімділігін дамыту. Шаңғышы жүрісін имитациялау, «қарлы кедергілерді» секіре асып жүгіру. Жүгіріп келіп, ұзындыққа секіруді бекіту.

этикалық сезімдерін қалыптастыру.
Дене шынықтыру
Мақсаты: Тізбекпен тізені жоғары көтере адымдап, сырғанай «шаңғышылар» қимылы, тапсырманы баяу, шапшаң қалыпта орындай жүруге жаттықтыру, қимыл үйлесімділігін дамыту. Шаңғышы жүрісін имитациялау, «қарлы кедергілерді» секіре асып жүгіру. Жүгіріп келіп, ұзындыққа секіруді бекіту. Қатарынан қойылған доғаның астымен қолына доп ұстап, еңбектеп өтуді үйрету.

Жапсыру

Тақырыбы: Мысық
Мақсаты: Үлгі сызық бойынша бейнені қия білуін бекіте отырып, өз бетінше безендіруге үйрету, мысықты жапсыру барысында төзімділікпен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын

			дағдыландыру. Әдеби жанрдың түрі – әңгіме туралы түсініктерін кеңейту.	Қатарынан қойылған доғаның астымен қолына доп ұстап, еңбектеп өтуді үйрету.	жетілдіру; әңгіме барысында танымдық белсенділігін арттыру, ойлауын, қиялын дамыту; жанжануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.
Серуен	<p>Картотека № 4 Бақылау. Аспанды бақылау. Мақсаты: Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту (таза, тұтастай бұлттармен жамылған). Аспан қыс басында тұтастай бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында айқын-көк, өте әдемі болады. Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту. Қимылды ойын: «Ұйымдастырушылар» Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттың көрсетудегі қозғалыс түрі</p>	<p>Картотека № 5 Бақылау. Күннің көзін бақылау. Мақсаты: Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн. Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары, күн ұзарады. Қимылды ойын: «Хоккеистер» Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру. Еңбек. Қар токтатуға</p>	<p>Картотека № 14 Бақылау. Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай? Мақсаты: Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге</p>	<p>Картотека № 16 Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты: Балаларға қыстайтын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу. Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету. Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарды жақсы көріп, оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды</p>	<p>Картотека № 20 Бақылау. Қардың астында өсетін өсімдіктерді бақылау. Мақсаты: Балаларға жазда өсіп, қазір қардың астында қалған өсімдіктерді ұқыптылықпен қазып алуды ұсыну. Қардың астындағы шөпті бақылау. Кішкентай жасыл өсімдіктердің жерге жабысып жатқандығын, олардың жұқа және нәзік екендігін бақылау. Қар өсімдік тұқымының үсімеуінен және оларды қорғайтындығын қалыптастыру. Табиғатты сүйіп, аялай білуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Біз көңілді балалармыз»</p>

бойынша шеше білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынтасын тәрбиелеу.

Еңбек.
Бақшаның қатарларын қармен толтыру.
Жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мәнділігін түсіндіру
Еңбек ету талабына тәрбиелеу.

Жеке жұмыс:
Жұмбақты шешу.
Қыста жансыз табиғат жөніндегі білімін балаларға нығайту, ойлауды, шығармашылық белесті дамыту.

Өз бетінше іс-әрекеті
Табиғат жағдайын есепке ала, дәлізде сабақ және ойын үшін жағдай құру.
Жағымды тәртіпті қалыптастыру.

дайындық. Жөндеу Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.

Өз бетінше іс-әрекеті
Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру.
Дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу.

үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.

Қимылды ойын: «Ақ аю» (ойын)
